

АҢШЫЛЫҚ ПЕН САЯТШЫЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ АТАУЛАРЫ

Халық тілінің дамуына сол халықтың кәсібі мен шаруашылығының әсері мол. Қазақ халқы тіршілігіне тірек, өміріне өзек болған аңшылық-саятшылықпен айналысқаны туралы тіліміздің ауызекі әдебиет үлгілерінде кездеседі. Мысалы: жырларда, ертегілерде, аңыз әңгімелерде, жаңылтпаштарда (*Әкем томаламаған бүркітті мен томағаламай кім томағалайды; Қара бүркіт томағасын түсірді, Оны мен томағаламай, кім томағалайды*), мақал-мәтелдерде т.б. Соның бірі – жеті қазынаға байланысты айтылатын жолдар. Жеті қазынаға байланысты ұғым-түсініктер қазақ ауыз әдебиетінде де, халқымыздың рухани-мәдени өмірінде де әртүрлі нұсқада кездеседі. Мысалы:

Жүйрік ат – адамның қанаты,
Қыран бүркіт – жігіттің қуаты,
Құмай тазы – берік сенімі,
Берен мылтық – қабарлы от,
Өткір кездік – сұсы,
Ау-жылым – әдіс-айласы,
Қандауыз қақпан – серті.

Осында сөз етіліп отырған **жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, өткір кездік, ау-жылым, қандауыз қақпан** кең дала төсінде аңшылық пен саятшылық (АС) құрған халқымыздың ғасырлар бойы қолданып келе жатқан тұрмыстық құралдардың атаулары. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорынан АС қолданылатын құрал атауларының сан жағынан мол екенін аңғаруға болады.

Көшпелі тіршілікпен өмір сүрген халқымыздың АС дәстүрі күнкөрістің өзекті бір саласы, кейін әскери жаттығудың, шынығудың үлгісі болған. Өркениетке қол жеткізген бүгінгі таңда, дала төсінде ата-бабамыз сара жолын салып кеткен АС дәстүрі күні бүгінге дейін ұмыт болған жоқ.

АС қатысты құрал-жабдық атаулары күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылатыны, бірақ кейбір атаулар мен тілдік бірліктер (биялай, кездік, садақ т.б.) тіліміздің пассив қабатына өткені байқалады. АС қолданылатын құрал-жабдықтарды жасалу ерекшелігіне, қолдану аясына қарай төрт топқа бөліп қарастырғанды жөн көрдік.

1. Ұрып-соғу, ату құралдары: *мылтық, садақ, шоқпар, сойыл, қамшы, қанжар, атқы, сақпан, айбалта, қатыр, саржса, семсер, сембе, таяқ, сүңгі;*

2. Жүннен, матадан, қылдан жасалатындар: *арқан, арқамшы, тор, ау, сүзу жіп, шыжым, құсбау, бау (балақ бау, аяқ бау, шыжым бау, ірге бау/желі бау);*

3. Аң-құстарды үркіту үшін қолданылатындар: *дабыл, сақпан, шың, дауылпаз, дудыға, қоңырау;*

4. Арнайы жасалатын құрал-жабдықтар: *қақпан, түтік, бүркіт құндақ, биялай, тұзақ, бүркіт балдақ/қолдық, аяққап, ырғақ, жезтұяқ/мыстұяқ, жем қалта, жемсауыт, тұзыр/қусағаш,*

томаға, құсқода, шырға, шәңгек, қанжыға, қыранүйі/талуүйшік/құсхана, иыққап, таңдай ағаш;

Осы еңбегімізде АС қолданылатын бірнеше құрал-жабдық атауларының лингвомәдени мазмұнына, этимологиясына талдау жасау барысында төмендегідей өзгешеліктер айқындалды:

ПЫШАҚ зат. 1. Кесуге, турауға, мал союға лайықты жүзі өткір, үшкір, сабы бар құрал [ҚТТС. 8 том. 28]. *Пышағыңды қайрап жүр, не соярыңды білесің, Жауабыңды сайлап жүр, жолдасыңның не сұрарын білесің. Пышақ АС кәсіпте жекпе-жекте аңды есіп, орып өлтіру үшін қолданылатын ең қажетті құрал. Пышақ сөзінің түбірі – піш. Ол пішетін, кесетін құрал. Тұрмыста жиі қолданылатын пышақтың түрлері өте көп: семсер, селебе, ақинақ, қанжар, құжанты, бұйда пышақ, кездік, от пышақ, бәкі (шаппа), ұста-ра, қандауыр. Көне түркі жазба ескерткіштерінде быч – кесу, шабу мағыналарын береді. Қазіргі тілімізде «пішу», «кесу» етістіктерінің арасында мағыналық реңк бар екендігі анық байқалады. «Пішу» етістігінің ертедегі мағынасы бір ғана іс-әрекетте (еркек малды піштіруге) сақталған. Кесу мен пішудің алғаш синоним болғандығына – тіліміздегі «кесіп-пішу» қос сөзі дәлелдейді. Пышақ сөзінің төркіні – «*пиш*» [1, 230 б.].*

АС аңдарды аулағанда не тосыннан жыртқыш кездескен жағдайда қамшыны да пайдаланған. **ҚАМШЫ** зат. 1. Көлікті айдап жүргізу үшін қолданылатын, таспадан әртүрлі нұсқада түйіп өріп, тобылғы немесе басқа затқа саптап жасаған құрал; ер-тұрманның бір құрамы [ҚТТС. 5-том. 617-б.]. *Ителгінің қызығына қызсаң, қаршығаңды қамшы етерсің.*

Аңшылар азулы жыртқыш аңдарды соғып алу үшін дырау қамшыны пайдаланған. Ғалым А.Тұрышев қамшы сөзінің *қам* түбірі башқұрт, татар тілдерінде «қайғы», «уайым» мағынасында қолданылатынын айтады. Ол А. Янушкевич жазбасына сүйене отырып, бақсының ғана емес, қамшының да емдік сипаты болғанына тоқтала келе, қам>(қам+шы), бақсы>(бақ+сы (шы)>бағу)> семантикалық мағынасы бір сөздер дейді [2, 244-247].

Қамшы сөзінің этимологиясын зерттеуші **К.Күркебаев тува тіліндегі қам** деген тұлға «бақсы» деген мағынаны білдіретінін айтқан. Ертеде түркі халықтарында адамдар (бақсы) қолына қамшы алып, ауру адамдардың бойындағы жын-шайтандарды ұрып-соғып қуалайтын болған. Бәлкім, тува тіліндегі бақсы атауы, түркі халықтары қолданылатын осы құралдың атауы негізінде қалыптасса ке-

рек. Қамшы атауының ұзындық өлшем мағынасын білдірумен қатар, этнос әлемнің мәдени бірлігі ретінде басқа да когнитивтік және этнолингвистикалық сыр сипатының сан-салалы екенінен бұл ұғыммен байланысты қалыптасқан түрлі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, ырым-жоралғылар мен ұғым түсініктер дәлел бола алады. Мысалы: *Қамшының қару есебінде жұлмалуына қасқырға қырық сегіз өрім т аспа қамшыдан арт ық қару ж оқ деген аңшылық кәсіпке байланысты ұғым түсінік қалыптасқан* [3, 34-35].

Чуваш тілінде «хамсар» біздегі «сермеу», «кезену» мағыналарын берсе, тува тілінде «ұру», «соғу» – «қымчылар», «шыкпыытаар» делінеді. Қамшы сөзінің түбірі «қам», – шы сөз тудырушы жұрнақ, қазақ тілінде көлікті ұрып, соғып жүргізетін құрал атауы шыққан [1, 158]. Қамшы жұмсалуды қызыметіне қарай: **ат қамшы, арба қамшы, түйе қамшы, дырау қамшы**; ал өріміне қарай: **төрт таспа, бес таспа, қырық сегіз таспа, қырғыз өрім қамшы** деп бөлінеді. Қамшы атауынан халқымыздың ұлттық мазмұны, рухани мәдениеті этностық ерекшелігі туралы мол мәлімет алуға болады.

Аңшылар аңды аулауда садақ пен мылтық сияқты құралдарды жиі қолданған. Садақ – аңды атып алуға арналған жауынгерлік құрал. **САДАҚ** зат. көне. Ағаштан иіп жасаған ертедегі атыс құралы [ҚТТС. 8 том. 94].

Академик А. Қайдар садақ сөзінің этимологиясын зерттеу барысында түркі тілдеріндегі *sag // *saj // sad беретін мағынасы «прокалывать», «пронизовать» – «прокалывающий», «пронизывающий» деп, түбірден **сайдақ // сайғақ // садақ** т.б. сөздердің ербігенін айтады. Корень *сақ был синкретичным и, надо полагать, выражение *сагы сыну* сохранило в себе рудиментарное значения древнего *сақ // *сай – «стрела», «наконечник стрелы», следовательно, в этом выражении можно усмотреть значение «сло-малась стрела» [4,271]. Біздің пайымдауымызша, қазіргі қазақ тіліндегі садақ > саржа > жай әскери құрал атауларының шығу төркіні бір.

МЫЛТЫҚ. Зат. Сүмбесі, дүмі, затворы бар, окпен атылатын соғыс қаруы. *Қос ауыз мылтық. Сүмбесінде қос ұңғысы бар мылтық. Құс мылтық. Құс ататын мылтық. Бердеңке мылтық.* Бір окпен атылатын, *алысқа тиетін мылтық. Шиті мылтық.* Көне. Аузынан оқталып, білтемен от салатын сирақты мылтық [ҚТТС. 7-том. 281-282]. Тарихи деректерге сүйенсек, мылтықпен аң-құс аулау Қазақстан Ресейдің құрамына кірген кезінен басталады. Олар бағалы аң терісін салықтың бір түрі ретінде өткізіп отырған.

Тілімізде аңшылықта қолданылатын осы құрала байланысты айтылатын мақал-мәтелдер мол. Мысалы: *Атасы мылтық атқанның баласы оқ жонар; Кийктің қасуына, мылтықтың басуы дәл келеді; Оғы жоқ мылтық та жылына бір атылмақ; Аң таппаған атынан көреді, Ата алмаған мылтығынан көреді; Мылтығыңның күмісін айтпа, тиісін айт; Мылтығы жоқтың аңшы болуға ынт ығы жоқ т.б.* Мылтық ату құралдарына жатады. Мыл өлі түбір мылжың, мылқ етті деген сөздердің құрамында кездеседі. Мыл > мылқ дыбыс еліктеуінен туған сөз.

Аңшылық пен саятшылықта аң-құстарды арқан, шыжым, тор, ау сияқты құралдармен де аулаған. Атпен қуып жеткен аңды салма тастап ұстап алу үшін арқанды пайдаланған. **АРҚАН** зат. 1) Мал, аң байлау, жүкті буып – тую, киіз үйдің қаңқасын таңып-бекіту үшін жүннен, қылдан т.б. жасалған жуан, ұзын жіп түріндегі шаруашылық құралы. 2) Малшар. Көбінесе қылдан, жүннен жасалатын, мал байлауға арналған ұзын, жуан жіп, байлап-матау құралы. 3) Киіз үйді таңып-бекітуге арналған баушуы. 4) Жүкті буып-түюге арналған таңып-бекіту құралы, ұзын, жуан жіп [ҚӨТС. 1-том. 619 б.]. *Сол сәтте босаған арқанды серпе тартып долданған аю өкіріп жіберіп, қарсы алдындағы әкеме қарай айбар шегіп, өре тұра қалды* (Н.Қызыханқызы). Арқанмен қатар қолданылатын құралдың бір түрі – арқамшы. **АРҚАМШЫ** зат. сөйл. Арғамжы. Зат. этн. Ұзындығы тоғыз-он екі құлаш, жуандығы саусақтай қос таспадан есілген қайыс арқан [ҚӨТС. 1 том. 597 б.]. Ертеректе жаугершілік кезінде, арқамшыны қарсыласына лақтырып, аттан аударып алуға қолданған. Халық арасында арқамшына «бұғалық», «шалма» деп те атайды. Құрықтан арқамшының ерекшелігі 19-20 м жерден арқамшы тастап, асау жылқыны не аңды ұстауға болады. Арқамшыны малшылар, жауынгерлер және аңшылар тұтынған.

Профессор Б.Сағындықұлы *арқан* сөзінің шығу төркінін *өрім* сөзімен байланыстырады. «Арқан» сөзіндегі *ар* түбірі *өрім* сөзіндегі *өр* түбірімен тарихи тұрғыдан варианттас; яғни сингормониялық параллельдер дейді [5, 68].

Түркітанушы Э.В. Севоротян еңбегінде арқан сөзінің этимологиясы берілген. «Арқан – отглогольное производное со значением названия орудия (или предмета/результата) действия от глогола аркы – (ср. тув. арғы), арқа – (ср. хак. арға) “плести”, “сплетать”, “вязать” + отглогольно-именной афф. – **н** со значением орудия/средства или объекта/результата действия. Возможен и другой анализ арқан как

отглогольного производного на – қан от указанных глоголов в их исходной форме, т.е. *арқан» [ЭСТЯ, 205].

Арқан мағынасын беретін қырғыз тіліндегі «укрұқ» қазіргі кезде де «құрық» мағынасында қолданылады. Құрықтың басты бөлігі – ілмектен жасалған арқан. Ерте кезде «укрұқ» аталатын зат, сонымен жабдықталған құрал атауына көшіп, қазіргі қолданылып жүрген «құрық» сөзі қалыптасқан. Зерттеуші К.Күркебаев арқанның жасалу түріне қарай: **кендір арқан, жібек арқан, қыл арқан, ал қолдану қызметіне қарай: шалма арқан, ат арқан, белбеу арқан** сияқты түрлері баршылық деп көрсеткен [3, 31].

ШЫЖЫМ зат. 1) Арқан тәрізді, бірақ жіңішке *етіп есілген мықты жіп. Біздің елде түйгын, лашын ұстаушы аңшылар асау құсқа сенбегенде* шыжыммен ұшырады (І.Омаров, Шабыт) [ҚТТС. 10-том. 324 б.]. Кішірек қыран құстарды жаз айларында түлекке отырғызарда бұлақ жанына арқандап қояды. Аяқ бауға жалғайтын бұл қайыс арқаншаны шыжым дейді. Қазық жоқта шым, тасқа да байлауға болады. Қазықты қатты қайыңнан, темірден жасайды. Сонда құсбегілер құстың қашып кетпеуі үшін жасалған арқанды атайды. Шыжым қарақалпақ (ҚарРС,746), өзбек (УзРС,520) тілдерінде «жіңішке арқан» дегенді білдірсе, түрікмен тілдерінде «түйе жүнінен тоқылған белбеу» (ТурРС,744). Қазақ говорларында осы сөздің бірнеше мағынасы бар. Қостанайда – басына балық аулайтын тор байлап, қыста мұз астына жіберетін ұзын арқан. Тағы бір мағынасы «кендір жіп». Балықшылар ауды шыжымнан тоқиды. Тіркесу арқылы жасалған шыжым арқан – аудың арқалығына байлайтын жуан, кендір дегенді білдіреді, шыжым жіптің «ауға арнап есілген жіңішке жіп» деген мағынасы да бар.

Академик Ә. Қайдар плеоназм (грек. pleonasmos – артықшылық, шамадан тыс. Бір мағынаны **білдіретін, қалыптасып кеткен екі сөз**) **шыжым жіп** – «веревка, свитая из шерсти» ... слово шыжым – вполне конкретную разновидность веревки, свитой из шерсти деп моңғол тіліндегі шижим «шнурок»; бечевка, шпагат, веревочка»; шижмийн морь – «пристяжная лошадь» – дейді [6, 281]. **Шыжым, шынжыр, шыжым жіп, жіп** сөздерінің шығу этимологиясы бір *жүн>жіп>жүн>арқан*.

АС аң-құстарды үркіту, ұшыру үшін шын, дабыл, дауылпаз, дудыға сияқты аспаптарды қолданғаны белгілі. Ұрмалы аспаптың тобына жататын дудыға – саз аспаптарының ең көнесі болып табылады, оның алғашқы жаңғыртпасы этнографиялық жазбаларға сүйеніп, тек XX ғ. жетпісінші жылдары

жасалынған.

АС кәсібінде жиі пайдаланылатын аспаптың бір түрі – дабыл. Халқымыз ертеден-ақ дабылмен қалың тоғайда мекендейтін құстарды, аңдарды үркітіп, қыран құстармен не басқа да айла-тәсілмен аулаған. **ДАБЫЛ** зат. 1. Көне. Жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жию үшін, саяткершілік құрғанда аң үркіту үшін пайдаланған аспап [ҚТТС. 3-том. 25 б.]. Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте (табл ун) **дабыл** – 1) барабан (екі жағы сірі керген, іші қуыс цилиндр пішінді соғып ойналатын музыка аспабы); 2) барабан қағу (дыбыс беру); 3) ауыс. хабаршы [АПТС. 8].

Қазақ музыка аспаптарының атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеген Т. Жаубасова дабыл атауының тілдік табиғатына қатысты екі пікір бар екенін айта келе, біріншісі: «дабыл түркі тілдері негізінде қалыптасқан аспап» деп қарау. Олай деуімізге себеп – бүгінгі түркі тілдерінде, соның бірі – қазақ тілінде де сирек қолданылса да **dap > dab* деген ілкі түбір бар. Міне, сол түбірден *dab > дабыр*, *дабыл*, *дабылдап* – *дау > дауыл*, *дауылда* сияқты тұлғалар туындаған. Бұл – қазақ т.б. түркі тілдеріндегі имитативті лексиканың сөзжасам модельдеріне тән құбылыс: **шаңқ > шаңқылда*, **қанқ > қанқыл*, **дар > дарыл*, **сар > сарыл* т.б. Екіншісі: кейбір түркі тілдерінде, мысалы ұйғыр тілінде – *dap*, *dap-думба*, өзбек тілінде – *дап* «барабан» мағынасында кездесетін шығу төркінін иран тілдері деп қарайтын **dap* аспабының жоғарыдағы «*dap*» (**dap > дабыл*) түбірімен сәйкестігі және *дауылпаз* деген (құрамында – *паз* иран тілдерінің жұрнағы) музыка аспабының кездесуі [7, 21-22]. Осы пікірлерді салыстыра отырып, біз *дабыл* сөзінің қазақ тілінің сөзжасамдық құрылысына сай жасалғаны және қазақ даласында дүниеге келген көне кәсіби құрал деп қарағанды жөн деп санаймыз.

АС аң-құстарды қола түсіру үшін әртүрлі айла-амалдар қолданылады. Соған байланысты тілімізде көптеген атаулар мен тілдік бірліктер бар. Жыртқыш аңдарды аулағанда пайдаланылатын әдістердің түрлері сан алуан болса, онда қолданылатын құралдардың түрлері де өте мол. Мысалы:

1. Аумен, тормен ұстау – аң-құстарды қолға түсіру үшін ау не тор қолданылады.

2. Тұзақпен аулау – аң аулағанда тұзақтар қолданылады.

3. Құмқакпанмен аулау – түлкі, қарсақ аулағанда аң інінде болғанда қар аралас құмды інге нығыздап, аузын үлкен жалпақ таспен бастырып қойып аулауда қолданылады.

4. Қакпанмен аулау – аңдарды қакпан қойып

аулау. Аңшылықта қакпанның түрлері көп қолданылады. Мысалы, *орқақпан*, *құмқакпан*, *тасқақпан*, *т емірқакпан*.

ҚАҚПАН зат. 1. Аң аулау үшін темірден жасалған, шаппалы құрал. [ҚТТС. 5 том. 570 б.]. *Қаңтар қақпанды сүйер, Сонарша ақпанды сүйер; Кәрі қасқыр қақпанға түспейді; Қақпанның қарғысы қат т ы*. Темірден жасалатын қакпанның **қандыауыз** (үлкен аңдарға арналған) және **қолқакпан** (кішірек аңдарға арналған) түрлері бар. Темір қакпанның бөлшектерінің атаулары: *қандыауызы (қышқашы), табаны, тиегі (түндігі), тиектің қонағы, бүлдіргісі, шаппасы, тоқпағы, серпері*.

Құс қакпан. Құсбегілер тұз тағысын ұстау үшін қакпанды қолданған. Бүркітке арналған қакпан да түлкі, қарсақ, қоянға құрылатын қакпан сияқты бір серіппелі кішілеу болады. Құсбегілер құстың аяғын қырқып тастамайтындай етіп, қандыауыздың екі жақтауына бірдей етіп қалың киіз орап тігеді.

Тас қакпанды аңшылар көп қолдана бермейді. Тас кеуек аузындағы жер табанды қазады. Аңшы ұзыны жарты метр, көлденеңі бір қарыстай, төрт бұрышты шұқыр жасайды. Сонан соң іннің кең саңлауын тас қалау арқылы алақандай етіп тарылтады. Табалдырыққа түлкі аттап түсерліктей ғана шаршы тосқауыл қояды. Шұқыр үстіне тастан бітеу үйшік қалайды. Үйшікті лай жасап, сыртынан сылап тастайды. Тысқа шыққан аң кішкене үйшіктің ішінде еріксіз кептеліп, кете алмай, қолға түседі.

Қакпан сөзінің шығу төркіні жайында академик Ә.Қайдар еңбегінде айтылады, «қак [qɑq] ҮІ (тжч қап): қакпа<қак+па ворота; қакпан<қак+пан (метатеза п ~ к) қаққан. Ср.уйгр. қаққан қакпан» [8, 215]. Ә. Нұрмағамбетов сөздің түбірі «қап» немесе «хап» болғандығын якут, татар тілдерінен байқауға болады дейді. «Ұстап алу», «шап беріп ұстау» мағыналарында қолданылады. Осы түбірге – **қан** жұрнағы жалғану нәтижесінде қаққан атауы туған. Ал «қакпан» болып өзгеруі тіліміздің дыбыстардың өзара орын алмасу заңдылығынан туындайды. Мысалы, «дорба», «айналу» сияқты сөздер кейде «добра», «айлану» болып айтылуы [9, 25].

Аң-құстарды аулағанда қолданатын құралдың бір түрі – тұзақ. **ТҰЗАҚ** зат. Әртүрлі құстарды ұстау үшін, қылдан есіп жасалатын аңшылық құралы. **Тұзақ құрды** а) Құс жолына тұзақ байлады. ә) **Ауыс**. Айла, амал жасады, пәле ойлады. **Тұзаққа түсті** а) тұзаққа ілініп қалды. ә) Ауыс. Алдауға түсті, ұстиды [ҚТТС. 9-том. 264 б.]. *Құс тұзаққа құлқынының қырсығынан түсер; Тырна көкте, тұзақ жерде*. Аң мен құсты тұзақпен ұстау өте көне өнер және ол әлі де өзінің маңызын жоя қойған жоқ.

Тұзақтың түрлері де көп: **жемтұзақтар** (түйір етті тізіп бүркітке жұтқызып ұстайды), **қылтұзақ** (бөдене т.б. құстарды ұстау үшін аттың жалы, кекілі, құйрығынан жасалады), **сымтұзақ** (суыр алуға арналған сымнан жасалады), **жұтпа тұзақ** (түлкінің ортан жілігі не қозының домалаш жілігін буындап алып, етін жұта салатындай қырлап, шыжым тағып, шырғаны бұтаға іліп қояды) **қақпан тұзақтар, шаппа тұзақтар, босаға тұзақтар, мойын тұзақтар, желілі тұзақтар** т.б.

Андарға құратын тұзақтың, аудың атауы М.Қашқари сөздігінде кездеседі. Бұл грамматикалық енбек қана емес, сол замандағы түркі халқының тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен, салт-дәстүрінен мағлұмат беретін бай жазба ескерткіш. Мысалы АС құстарды баптау, итпен аң ұстау, тұзақ құруға байланысты тілдік материалдар бар: **ҮШЛҮШ**: қоян тұзағы. Ұштары бір темірге бекітілген үш тал шыбықтан жасалады (1-том. 125 б.). **СЫҒЫР**: хандардың көп адаммен бірігіп құратын бір түрлі ауы. Ханның адамдары орман мен қырларға таралып, жабайы аңдарды хан тұрған жаққа қуады. Хан алдына келген аңдарды еш қиналмастан аулай береді (1-том. 420 б.). **ҚЫСМАҚ**: ілмекті жіп, қыспақ; тұзақ шалма (1-том. 534 б.). **ЖАРҒАҚ ИАПҒАҚ**: құс аулайтын тұзақтың бір түрі (3-том. 60 б.). **САШРАТТЫ**: шашыратты. Тұзақтың бір түрі *sashratfu*: шашыратғұ – шашыратқы. Ол тұзақ мынадай болады: Екі айыр бұтақтың арасына тұзақтан жіп байлайды. Оны топыраққа көміп, үстіне дән шашып тастайды. Жем жеуге келген құс тұзаққа не аяғымен, не мойнымен ілініп қалады. Мақалда былай деп айтылған *Sashratfudym* қоғкмыш қиш қығк жыл азгы жылғаш үзе қопмас: Шашыратқыдан қорыққан құс қырық жыл ағаш үстіне қонбас (2 том. 475-476 б.).

Ғылыми деректерге сүйенсек, тұзақ пен тұсау сөздерінің шығу тегі бір. Аң құстайын ұша-йын, Аяғынды *тұсайын*. (Сүйінбай) Тұсамыс пен тұзақ мағынасы бір-біріне жақын. Ә.Қайдар тұс [tus] Ү: тұсау <тұс+ау // тұсамыс <тұс+амыс // тұсак <тұс+ак диал. пұты; тұса <тұс+а налагать пұты. Ср. тұз > тұзақ [8, 259]. Ұйғыр тілінде тұз ау деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде тұзақ сөзімен мағыналық жағынан жақын **тор** деген сөз қолданылады. *Түсерсің сегіз тозақ жайған торға. Тұз > тұзақ > тұсау > тұсамыс > тор* мағыналары жақын сөздер.

Аңшылық-саятшылық кәсібімен тығыз байланысты, тіліміздегі «биялай» сөзі көнеленіп бара жатқанға ұқсайды. Биялайды кейде *бүркіт қол-ған* деп айтады. **БИЯЛАЙ** зат. жерг. Қолға киетін қолғап [ҚТТС. 2-том. 317 б.] *Бабына келген бүркіт бия-*

лайдың сыртынан шеңбектеп ұстағанынан белгілі (Н.Қызылханқызы). Биялай бүркітшілердің оң қолына киетін қолғабы. Оны жұмсақ теріден (қасқыр, тау ешкі, түйе, өгіз, серке, аю, бұғы, елік, сиырдың терісі т.б.) жасайды, ішіне жұқа киізден не мақта жүн қабылған матадан астар салады. Жеңінен іліп қою үшін қайыс бау не шығыршық тағылады. Биялайдың білезігі шынтақтан келетіндей етіп тігіледі. Биялайды керегеге, бақанға іліп қояды. Төр жаққа ілмейді, себебі онда бүркіт ұстаған аң-құс қанының ізі қалады.

Зерттеуші Е.Қосбасаров бұл сөздің төркінін түркі, моңғол, тунгус-маньчжур тілдерімен салыстыра зерттейді. Алтай тілінде – мелей, татарда – бияләй, башқұрт тілінде – бәйелей формасында кездессе, моңғол тілінде – бәэлий қалмақта – бееле, бурят тілінде – бәэлээ түрінде кездеседі дейді. Биялайды білек сөзімен де байланыстыра қарауға болады [10, 147].

Қазақ сөздерінің этимологиясын зерттеуші Ә. Нұрмағамбетов: «Қазіргі әңгіме болып отырған «биялай» сөзі қол мағынасын беретін осы тұлғалас сөздер негізінде пайда болған: билэ~ билэ+й > билэй > биэлей > бияләй > биялай. Мағынасы – қолға киетін киім болмақ.

Саятшылар қыран құстарды аязды күндері алыс сапарға алып жүру үшін құндақ немесе бүркіт құндақты пайдаланады. **ҚҰНДАҚ** зат. 1. Баланы бесікке салғанға дейінгі ораған бөлеуі, жөргекке дейінгі оралған қалпы. 2. Зат сынбау, бүлінбеу үшін жасалған қажетті қорап, қап. 3. Мылтықтың дүмі мен ұңғылы, темірін бекітіп тартатын ағаш бөлік [ҚТТС. 6 том. 479 б.]. *Ұстап алған түз бүркітін әкем әуелі қанат құйрығын сындырып алмас үшін құндаққа бөлеп үйге алып келеді* (Н.Қызылханқызы). Құндақты жас талдардан астауша етіп, кейде топсалы етіп тақтай ағаштан да, киізді сырып, бау тигіп «киіз құндақтар» да, тал құндақтар ар да жасайды. Баланы құндақтағандай, бүркіттің қанат, құйрығын аязды күндері көрпеге орап ағаш бесікке-құндаққа екі тартпа қайысты тағып, бөлейді.

Академик Ә. Қайдар: «От корня **қон** в казахском языке образованы: **қонақтау** – «сесть, садиться на что-либо (о птицах)»; **қонақжай** – «охотно создающий условия для ночлега, гостеприимный (человек)» и др.» дейді [4, 281].

Сөздің түбірі – қон. Тілімізде қоныс, қонақ, қонаға сияқты түбірлес сөздер бар. *Қон* сөзі тілімізде бірнеше мағынада қолданылады. 1) ұшып келе жатқан қанатты нәрсенің жерге түсуі; 2) көш-көнжұрттың уақытша үй тігуі; 3) түнеп шығу; 4) бір жерге отыру; 5) белгілі бір қасиеттің адам бойына даруы. Тілімізде

кон>құн>құндақ > құн+дақ түріндегі заттың атауы туған.

Саятшылар қыран құстардың ішін тазалау үшін, аузына су құю үшін не сұйық құюда түтікті пайдаланады. ТҮТІК 1. Зат. Іші қуыс, сырты жұмыр, жінішке зат. 2. ет. Қап-қара болып өңі кашу, түсі бұзылу. (ҚТТС 9-том, А., 1986. 560–352-бб.) Құсбегілікті ең қажетті құрал болғандықтан оны өзімен бірге алып жүреді. Түтіктің ортасы қуыс, екі ұшы ашық етіп жасалады. Түтікті тырна, қарақұс, көкқұтан, малдың, қоянның жіліктерінен, асықты жіліктен қамыстан, қурайдан дайындайды, кейде металдан да құйып дайындайтын болған.

Орта ғасырда жазылған М.Қашқари еңбегінде түтікке байланысты мынандай дерек бар. ТҮБЕК: түбік. Талдың, сол секілді ағаштардың қабығын жармай дінінен суырып алады да түтік жасалады. Балалар сол түтікшеге жұмыр бұршақ, тас, қатты жұмыр нәрселер салып, торғай атып ойнайды. Құс ататын мылтық тәрізді үрлеп атылады. Ол ағаштың ішін қуыстап ойып та жасалады (1-том 446-б.) Түтік сөзінің түбірі – тү. Оны түбірлес сөздермен салыстыру арқылы байқауға болады. Түтік>тү+тік, түкір>тү+кір, түшкір> түш+кір. Түтікті үрлегенде, түшкіргенде не түкіргенде дыбыс шығатыны белгілі. *Түшкіру, түкіру, түтік* дыбыстық еліктеуіштен пайда болған сөздерге ұқсайды.

Ұлттық мәдениеттің, тарихи дәуірдің куәгері, халықпен бірге жасап келе жатқан АС қолданылатын құрал-жабдық түрлерінің пайда болуы, оған әр қоғамның ықпалы, олардың жасалу тарихы мен тұтыну ерекшеліктеріне тарихи-лексикологиялық, этимологиялық талдау жасау арқылы анықталды.

АС қолданылатын құрал-жабдықтардың дүниеге келуі, материалдың негізі мен аталу уәждері, жасалуы қазақ топырағына тән идеялармен жүзеге асқан. Құрал-жабдық атаулары бүгінде қазақтың көне де байырғы, құнарлы да күрделі лексикалық қордан орын алып отыр, бұл атаулардың мән-мағынасына үңілсек, халықтың ақыл-ойын, психологиясын, дүниетанымын аңғарамыз.

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен аңшылық-саятшылық дәстүрі қазіргі таңда да өз жалғасын тапқан. Жоғарыда этимологиясына тоқталып өткен АС қатысты құрал-жабдықтардың түрлерімен қатар аң-құс аулау тәсілдерінің барлығы қазіргі таңда қолданылмайтыны белгілі. Құрал-жабдық атауларының мағыналарына үңіле отырып, қазақ халқының жан-жақты өмір саласынан, дәстүрінен мол мағлұмат алуға мүмкіндік туады. Себебі тілдің құдіреті сөздің мағынасында. АС өнері бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпаған ұлттық құндылықтарымыздың

бірі. АС қатысты туған атаулар мен тілдік бірліктер сан ғасырлардан өтіп, бүгінгі ұрпаққа біраз өзгерістерге ұшырап жеткені байқалады. Өйткені тілдің дамуы қоғам дамуымен бірге жүретін егіз құбылыс.

ӘДЕБИЕТ

1. *Нұрмағамбетов Ә.* Бес жүз бес сөз. Алматы: Рауан. 1994. 304 б.
2. *Тұрышев А. М.* Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: Филол. ғ. д. д. алу үшін да-йындалған дис. Алматы, 2005.
3. *Күркебаев К.* Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты: Филол. ғ. к. ғ. д. алу үшін жазылған дис. Алматы, 2003.
4. *Кайдар А.* Тысяча метких и образных выражений. Алматы: Білге. 2003. 368 с.
5. *Сағындықұлы Б.* Қазақ лексикасы дамуының негіздері. Алматы: Санат, 1994. 168 б.
6. *Кайдар Ә.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998.
7. *Жаубасова Т.* Қазақ ұлттық музыка атауларының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғ. к. ғ. д. алу үшін жазылған дисс. Алматы, 2006.
8. *Кайдар А.* Структура односложных корней и основ в каз. языке. Алматы: Арыс, 2005. 304 с.
9. *Нұрмағамбетов Ә.* Сөз сырына саяхат. Алматы: Жалын, 1991. 126 б.
10. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1988.

СӨЗДІКТЕР

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (ҚТТС). 2, 3, 5, 7, 8, 9, 10 т.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (ҚӘТС) 1–2 том. Алматы, 2006.
3. *Қашқари М.* Түрік сөздігі. 1-3 том.
4. *Оңдасынов Н.* Арабша-парсыша түсіндірме сөздік.(АПТС) Алматы, 1989.
5. *Севоротян Э.В.* Этимологический словарь тюркских языков.(ЭСТЯ) М., 1974.

алады. Сөзі құдіретті кісілер халықты қалай тәрбиелесе, халық сол бағытқа қарай ыңғайласып бейімделеді.

Қарақалпақ аймағы қазақтары ақын-жырау, жыршылары репертуарында «Адай Қарасайдың күйі», «Қарасайдың терме жолы», «Қарасайдың жыр жолы» бар. Қарасайдың заманында тартқан домбырасы жиен қызынан туылған Қартбай Қылышұлы (1930) қолында сақталған.

Қарасайдай қадірменді жыраулардың тағы бірі – Амантұрлы жырау (1872–1938). Ол қазаққа да, қарақалпаққа да тел жырау болған. Домбыраны да, қыл қобызды да тең игерген. Ол қазақ болғанына қарамастан (Әлім, Шекті, Баубегі, Жанқылыштың Соқыры) қарақалпақ тілінде де жыр жырлаған. Мойнақ ауданының Махат-Шолпан деген жерінде дүниеге келген. Мойнақ, Шымбай, Қоңырат ауданы атырабындағы қазақ, қарақалпақ, аралдық өзбектерге танымал болған.

Амантұрлы жыраудың екі ұлт өнерін игеруі оны достық жыршысы ретінде танытты. Өмірінің соңына дейін «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр» және халық толғауларын қос тілде жырлаған.

Ақын, жырау, жыршылар әдеби мұраға рухи байлық сипатында қараған ғәм оларды қастерлеген, халыққа насихаттап айтқан.

Жұмағали Сағынбаев (1876–1945) дәуір шындығын мол қамтыған. Ол жыршылық өнерін дамытумен бірге, ақындық өнерге де қадам басады. Шығармаларының көбі достық бауырластық, жолдастыққа арналған. Жеке достықтан халықтар достығына дейін дәріптеуді мұрат тұтқан.

«Қарақалпақ мекенім, өзбек, казак, түрікмен

ұлдары бір атаның» десе, тағы бірде «Достық» термесінде: «Біздер аға-ініміз, бірге тірлік күніміз, қуанышқа қуанып, бірге қайғы-мұңымыз», – дейді. Аралас отырған халықтары азаматтары бас-тас боп, сыйлас боп, үй іштері «тұз алады, тұз беріп, қыз алады, қыз беріп, достық туысқандықтан басқаны біз сезбедік», – деп тағдырды тағдырға жалғаған.

Өзбекстан халық жыршысы, Қарақалпақстан халық шайыры, Бердақ атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Садық Нұрымбетов (1900–1972) Алматыға келген бір сапарында:

Сұрасқанда түбіміз бір ағайын,
Көріскенде түріміз бір ағайын,
Сөйлескенде тіліміз бір ағайын, –

деп айтқанды. Қорыта келгенде, түбі бір, түрі бір, тілі бір түркі халықтары әдебиетінде, оның сөз өнерінде жырланған достық тақырыбы достыққа, бірлікке, туған Отанымызды, түркі дүниемізді терең сүйуге тәрбиелей алатын өнегелі өлеңдер, ойлы пікірлер болып қалатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1973. 313 б.
2. *Мақсетов Қ.* Қарақалпақ жырау-бақсылары. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1983. 208 б.
3. *Мақсетов Қ.* Дастандар, жыраулар, бақсылар. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1992. 348 б.
4. *Айымбетов Қ.* Халық даналығы. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1968. 260 б.
5. *Каримов А.* Жиен жыраудың өмірі ғәм творчествосы. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1981. 88 б.